

**«Марш (сақтандыру брокерлері)»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Қаржылық есептілік
және Тәуелсіз аудитор есебі



ЦЕНТРАУДИТ-КАЗАХСТАН
независимая аудиторская компания

www.centraudit.kz

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитор есебі

Қаржылық есептілік:

Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы есеп.....	1
Қаржылық жағдай туралы есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.....	4
1. Компания туралы ақпарат	6
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	6
3. Есеп саясаты туралы елеулі ақпарат.....	7
4. Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	14
5. Кейінге қалдырылған салық активтері және табыс салығы бойынша шығыстар	14
6. Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда (залал)	15
7. Ақша қаражаты және олардың баламалары.....	15
8. Дебиторлық берешек.....	15
9. Негізгі құралдар.....	16
10. Пайдалану құқығы нысанындағы актив және жалдау міндеттемесі	16
11. Кредиторлық берешек.....	17
12. Басқа міндеттемелер	17
13. Меншікті капитал.....	17
14. Шартты қаржылық міндеттемелер	17
15. Байланысты тараптармен операциялар	18
16. Қаржы құралдарының әділ құны	19
17. Капиталды басқару.....	19
18. Тәуекелдерді басқару саясаты.....	19
19. Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	23

Директор
«НАК «Центраудит-Казахстан» ЖШС
(Аудиторлық қызметпен айналысуға
мемлекеттік лицензиясы
МФЮ № 0000017, 1999 жылдың 27
желтоқсанында берілген)
В. В. Радостовец
2026 жылғы 15 сәуір

«Марш (сактандыру брокерлері)» ЖШС қатысушыларына және басшылығына

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Пікір

Біз «Марш (сактандыру брокерлері)» ЖШС-нің (бұдан әрі – Компания) 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, аталған күнмен аяқталған жыл үшін пайдалар мен шығындар және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – ХҚЕС кеңесі) шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес аталған күнмен аяқталған жыл үшін оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын шынайы көрсетеді.

Пікірді білдіру негізі

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – ХАС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі есептің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз қоғамдық мүдде субъектілерінің қаржылық есептілігіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі Кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексінің (бұдан әрі – БХӘСК Әдеп кодексі) талаптарына (тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы қоғамдық мүдде субъектілерінің қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ өзіміздің басқа да әдеп міндеттемелерімізді осы талаптар мен БХӘСК Әдеп кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және дұрыс деп есептейміз.

Қаржылық есептілік үшін Компания басшылығы мен корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Компания басшылығы көрсетілген қаржылық есептілікті ХҚЕС жөніндегі кеңес шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындауға және шынайы ұсынуға, және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және, басшылық Компанияны таратуды, оның қызметін тоқтатуды ниет еткен немесе оның таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа ешқандай нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде қаржылық есептілікті жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы орынды сенім арту және де біздің пікірімізді қамтитын аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, елеулі болып саналады.



ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз бүкіл аудит бойы кәсіби пайымдауды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сондай-ақ, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз, сондай-ақ пікір білдіруімізге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесіндегі елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесіндегі елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласуды, қолдан жасауды, қасақана өткізіп алуды, ақпаратты бұрмалап көрсетуді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- қалыптасқан мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз, бірақ бұл Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемейді;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық дайындаған бухгалтерлік бағалаулар мен тиісті ақпаратты ашып көрсетудің негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудартуға тиістіміз немесе осындай ақпаратты ашу орынсыз болса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп берілген күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Дегенмен, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай берілуін, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашып көрсетілуін, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы берілуі қамтамасыз етілетіндей түрде бейнелейтіндігін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына, басқалармен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ аудит барысында біз анықтаған ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктерін қоса алғанда, аудит нәтижелері бойынша маңызды ескертулерді жеткіземіз.

Аудитор

(аудитордың біліктілік куәлігінің № 0000801, 2019 жылғы 20 мамырда берілген.)

Қазақстан Республикасы,
050059, Алматы қ., «Нұрлы Тау» орталығы
к., Әл-Фараби даңғылы, 19, 1 «Б» павильоны,
3 қабат, 301, 302 кеңсе



С. С. Рубанов



ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Ескертпе*	2025 жылға	2024 жылға
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстар	3	2,174,362	1,669,410
Депозит бойынша пайыздық табыстар	7	8,347	8,825
Өзге табыстар		14,969	7,027
Жиынтық табыстар		2,197,678	1,685,262
Жалпы және әкімшілік шығыстар, соның ішінде:	4	(1,077,183)	(968,413)
Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және іссапар шығыстары	4	(714,392)	(498,031)
Бас компаниядан басқару қызметтері үшін комиссиялар	4	(47,927)	(37,915)
Кәсіби қызметтер	4	(57,546)	(27,642)
Тозу және амортизация	4	(32,996)	(35,294)
Пайда салығынан басқа салықтар	4	(3,560)	(3,285)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті қалпына келтіру (есептеу)	8	1,896	(3,241)
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	10	(14,721)	(17,988)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда (залал)	6	(27,453)	8,144
Шығыстар жиыны		(1,117,461)	(981,498)
Салық салуға дейінгі пайда		1,080,217	703,764
Табыс салығы бойынша шығыс	5	(217,304)	(144,524)
Таза пайда		862,913	559,240
Өзге жиынтық табыс		-	-
Жиынтық табыстың жиыны		862,913	559,240

*6-23 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания Басшылығының атынан:



А. Л. Комарковский
Бас басқарушы

А. М. Заманбекова
Бас бухгалтер



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша


	Ескертпе*	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Активтер			
Ағымдағы активтер			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	7	1,249,244	549,167
Дебиторлық берешек	8	409,304	528,932
Болашақ кезеңдегі шығындар		11,738	8,008
Салықтар бойынша алдын ала төлемдер		7,826	761
Баска активтер		8,070	10,715
Ағымдағы активтердің жиыны		1,686,182	1,097,583
Ұзақ мерзімді активтер			
Кейінге қалдырылған салық активтері	5	24,145	20,517
Негізгі құралдар	9	111,736	42,236
Материалдық емес активтер		472	736
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	10	66,947	89,418
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		203,300	152,907
Активтердің барлығы		1,889,482	1,250,490
Капитал мен міндеттемелер			
Ағымдағы міндеттемелер			
Кредиторлық берешек	11	170,225	75,845
Жалдау бойынша ағымдағы міндеттеме	10	24,419	20,532
Корпоративтік табыс салығы		58,754	39,709
Баска міндеттемелер	12	138,213	101,270
Ағымдағы міндеттемелердің жиыны		391,611	237,356
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттеме	10	55,164	76,340
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		55,164	76,340
Міндеттемелердің барлығы		446,775	313,696
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	13	320,100	320,100
Бөлінбеген пайда		1,122,607	616,694
Жалпы меншікті капитал		1,442,707	936,794
Жиынтық міндеттемелер мен меншікті капитал		1,889,482	1,250,490

*6-23 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания Басшылығының атынан:



А. Л. Комарковский
Бас басқарушы


А. М. Заманбекова
Бас бухгалтер



МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін


	Ескертпе*	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2025 жылғы 1 қаңтарға		320,100	616,694	936,794
Бір жылдағы пайда және жиынтық кіріс		-	862,913	862,913
Дивидендтер	13	-	(357,000)	(357,000)
2025 жылғы 31 желтоқсанға		320,100	1,122,607	1,442,707
2024 жылға 1 қаңтарға		320,100	228,454	548,554
Бір жылдағы пайда және жиынтық кіріс		-	559,240	559,240
Дивидендтер	13	-	(171,000)	(171,000)
2024 жылғы 31 желтоқсанға		320,100	616,694	936,794

*6-23 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания Басшылығының атынан:


А. Д. Комарковский
Бас басқарушы




А. М. Заманбекова
Бас бухгалтер



АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Ескертпе*	2025 жылға	2024 жылға
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Салық салуға дейінгі пайда		1,080,217	703,764
Түзетулер:			
Тозу және амортизация	4	32,996	35,294
Жалдау бойынша пайыздық шығыстар	10	14,721	17,988
Депозит бойынша пайыздық табыстар	7	(8,347)	(8,825)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша шығыстар	8	(1,896)	3,241
Өзге табыстар		(14,760)	(7,027)
Іске асырылмаған бағамдық айырмалар		10,414	(25,757)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының келуі		1,113,345	718,678
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер:			
Операциялық активтердің (ұлғаюы) азаюы:			
Дебиторлық берешек		134,512	58,713
Болашақ кезеңдегі шығындар		(3,730)	(1,100)
Салықтар бойынша алдын ала төлемдер		(61,867)	(64,833)
Басқа активтер		2,645	(5,237)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы):			
Кредиторлық берешек		92,750	(1,422)
Басқа міндеттемелер		36,943	27,513
Пайыздар мен табыс салығын алғанға (төлегенге) дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының таза келуі		1,314,598	732,312
Депозит бойынша пайыздарды алу	7	7,095	7,501
Жалдау бойынша пайыздарды төлеу	10	(14,721)	(17,988)
Табыс салығын төлеу		(200,000)	(180,000)
Пайыздар мен табыс салығын алғаннан (төлегеннен) кейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының таза келуі		1,106,972	541,825
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Негізгі құралдарды сату	9	17,857	-
Негізгі құралдарды сатып алу	9	(82,857)	(817)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза кетуі		(65,000)	(817)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Төленген дивидендтер	13	(303,450)	(371,741)
Жалдау міндеттемелерін өтеу	10	(17,289)	(14,901)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза кетуі		(320,739)	(386,642)
Жиыны: Ақша қаражатының ұлғаюы		721,233	154,366
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларының сальдосына әсері		(21,156)	15,222
Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	7	549,167	379,579
Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	7	1,249,244	549,167



«МАРШ (САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІ)» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

*6-23 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2025 жылы маңызды ақшалай емес операциялар болған жоқ.

2024 жылы маңызды ақшалай емес операциялар пайдалану құқығы түріндегі активтің өсуіне және жалдау бойынша міндеттемелердің тиісті түрде ұлғаюына байланысты (10-ескертпе).

Компания Басшылығының атынан:

А.Л. Комарковский
Бас басқарушы



А.М. Заманбекова
Бас бухгалтер

A handwritten signature in blue ink is written over the text 'А.М. Заманбекова'.



1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Компанияның қызметі

«Марш (сақтандыру брокерлері)» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») 2000 жылғы наурызда Қазақстан Республикасында тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Соңғы қайта тіркеу күні — 2021 жылғы 28 желтоқсан.

Компанияның негізгі қызметі қазақстандық және шетелдік компанияларға сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша брокерлік қызметтер көрсету болып табылады.

Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) реттеледі. Компания өз қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2019 жылғы 8 ақпандағы №2.3.35 лицензиясына сәйкес жүзеге асырады.

Занды мекенжайы және іс жүзінде орналасқан жерінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Самал-2 ықш., 97-үй, 11 қабат.

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Компания Marsh Group (бұдан әрі – «Топ») компанияларымен операцияларды жүзеге асырады. Бұл операциялар брокерлік қызметтерді, басқару қызметтерін және консультациялық қызметтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ компанияларының дебиторлық берешегі Компания активтерінің жалпы сомасының тиісінше 12% және 18%-ын құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсанда және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Топқа көрсетілген брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстар брокерлік қызметтер бойынша жалпы комиссиялық табыстың тиісінше 6% және 15%-ын құрады. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 15-ескертпеде ашып көрсетілген.

Компания қатысушылары және түпкілікті бақылаушы тарап

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қатысушылары мыналар болып табылады:

- Calm Treasury Holdings Limited (бұрынғы атауы — MMC Treasury Holdings (UK) Limited) (бұдан әрі – Бас компания), Ұлыбритания, қатысу үлесі – 99%;
- Companies Finance Center (Luxembourg) S.à rl., Люксембург, қатысу үлесі – 1%.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша түпкілікті бақылаушы тарап Marsh & McLennan Companies, Inc. болды – бұл акциялары Нью-Йорк, Чикаго және Лондон инвестициялық биржаларында орналастырылған жария компания (<https://irnews.marshmclennan.com/stock-information/shareholder-information>).

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік туралы есеп

Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – Есеп стандарттары) сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілік 2026 жылғы 15 сәуірде Басшылықпен шығаруға бекітілді.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге болып табылады. Теңге Компанияда болатын оқиғалар мен мән-жайлардың экономикалық мәнін көрсететіндіктен, ол Компанияның функционалдық валютасы болып табылады. Теңге сонымен қатар осы қаржылық есептіліктің ұсыну валютасы болып табылады. Осы қаржылық есептіліктегі барлық сомалар, егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

Қызмет үздіксіздігі қағидаты

Бұл қаржылық есептілік Компания үздіксіз қызмет қағидатын ұстанып тұрады деген жорамалды басшылыққа ала отырып, Есеп стандарттарына сәйкес дайындалған. Бұл активтердің өткізілетінін және міндеттемелердің алдағы уақытта оның қалыпты шаруашылық қызмет барысында өтелетінін болжайды. Басшылық Компанияның өз қызметінің үздіксіз қызмет қағидатына сәйкес жалғастыратынын жорамалдайды. Осындай пайымдауды қабылдау кезінде басшылық Компанияның ағымдағы ниеттері мен қаржылық жағдайын ескерді.



Есептеу қағидаты

Осы қаржылық есептілік, ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпаратты қоспағанда, есептеу қағидаты бойынша жасалған. Есептеу қағидаты мәмілелердің нәтижелері мен басқа да оқиғаларды, төлем уақытына қарамастан, олардың орындалу фактісі бойынша танумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар орын алған кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

Маңызды бухгалтерлік бағалаулар

Компанияның есеп саясатын қолдану барысында басшылық басқа көздерден анық көрінбейтін активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына қатысты жорамалдар, бағалаулар мен болжамдар жасауы тиіс. Бағалау мәндері мен олардың негізінде жатқан болжамдар өткен тәжірибе мен нақты мән-жайларда орынды деп саналатын басқа да факторлар негізінде қалыптасады. Нақты нәтижелер осы бағалардан ерекшеленуі мүмкін. Бағалаулар мен олармен байланысты болжамдар жүйелі түрде қайта қаралып отырады. Бағалаулардағы өзгерістер, егер өзгеріс тек осы кезеңге әсер етсе, бағалау қайта қаралған кезеңде, немесе егер өзгеріс ағымдағы және болашақ кезеңдерге де әсер етсе, бағалау қайта қаралған кезеңде және болашақ кезеңдерде көрсетіледі.

Ең маңызды бағалаулар дебиторлық берешектің құнсыздануымен байланысты (8-ескертпе).

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЕЛЕУЛІ АҚПАРАТ

Қаржы құралдары

Бағалауға деген негізгі көзқарастар

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер Компания тиісті қаржылық құралға қатысты шарттың тарапы болған кезде Компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетіледі. Қаржылық құралдар олардың жіктелуіне қарай әділ құны немесе амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау әдістерінің сипаттамасы берілген.

Әділ құн — бағалау күніне нарық қатысушылары арасындағы әдеттегі мәміле барысында активті сатудан алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін құн.

Белсенді нарық – бұл активпен немесе міндеттеменен жасалатын операциялар тұрақты негізде бағалаулар туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілікте және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық. Белсенді нарықта айналымда жүрген қаржылық құралдардың әділ құны жеке актив немесе міндеттеме бойынша баға белгіленген бағаны кәсіпорын иелігіндегі құралдар санына көбейту арқылы алынған сома ретінде бағаланады. Бұл жағдай, тіпті нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтер мен міндеттемелер санын қабылдау үшін жеткіліксіз болса да және позицияларды сатуға бір операциямен тапсырыс беру баға белгіленген бағаға әсер етуі мүмкін болса да, солай қалады.

Мәмілелер бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімді емес қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін дисконтталған ақша қаражатының қозғалысы моделі сияқты бағалау модельдері, сондай-ақ нарықтық жағдайларда жасалатын ұқсас операциялардың деректеріне негізделген модельдер немесе инвестициялау объектісінің қаржылық деректерін қарастыру қолданылады. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша келесідей бөлінеді:

1-деңгейге сәйкес келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленген (түзетілмейтін) бағалар бойынша бағалаулар жатады, 2-деңгейге — актив немесе міндеттеме үшін тікелей (мысалы, баға) немесе жанама (мысалы, баға негізінде есептелген) бақыланатын, қолданылатын барлық маңызды бастапқы деректері бар бағалау әдістерінің көмегімен алынған бағалаулар жатады, ал 3-деңгейдегі бағалаулар тек бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылады (яғни бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы деректердің едәуір көлемі талап етіледі). Әділ құн иерархиясының бір деңгейінен екінші деңгейіне ауыстырулар есепті кезеңнің соңында орын алды деп есептеледі.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын тиісінше арттырады немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар пайда мен шығын және өзге де жиынтық табыс туралы есепте тікелей танылады. Бастапқы құн бойынша бағалау нарықтық котировкалары жоқ және әділ құны сенімді бағалануы мүмкін емес үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты, сондай-ақ ашық нарықта котировкалары жоқ осындай үлестік құралдарға байланысты және өтелуі осындай үлестік құралдармен жүзеге асырылатын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.



Амортизацияланған құн — бұл қаржылық құралдың бастапқы тану кезіндегі бағаланған сомасынан негізгі борыш сомасын өтеуге бағытталған төлемдерді шегеріп, есептелген пайыздар сомасына азайтылған немесе ұлғайтылған, ал қаржылық активтер үшін — күтілетін кредиттік шығындар бойынша кез келген бағалау резервін шегергендегі шамасы. Жинақталған пайыздар бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле бойынша шығындарды амортизациялауды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйлықақыларды немесе дисконтты камтиды. Жинақталған пайыздық табыстар мен жинақталған пайыздық шығыстар, соның ішінде жинақталған купондық табыс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйлықақы (бар болған жағдайда, беру кезінде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда), бөлек көрсетілмейді, керісінше қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының теңгерімдік құнына енгізіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі — бұл құралдың теңгерімдік құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық табыстарды немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл есептелген болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (болашақ кредиттік шығындарды қоспағанда) қаржылық құралдың күтілетін қолданылу мерзіміне немесе тиісті жағдайларда қаржылық құралдың таза теңгерімдік құнына дейінгі қысқа мерзімге дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражатының қозғалысын пайыздардың келесі өзгеру күніне дейін дисконттау үшін пайдаланылады, бұған осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша кредиттік спрэдті немесе нарықтық мәнге байланысты белгіленбейтін басқа да айнымалы факторларды бейнелейтін сыйлықақы немесе дисконт қосылмайды. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құралдың бүкіл күтілетін айналым мерзімі бойы амортизацияланады.

Дисконтталған құнды есептеу келісімшарт тараптары төлеген немесе алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын барлық комиссияларды камтиды. Бастапқы тану кезінде сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (POCI) қаржылық активтер болып табылатын активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі, яғни ол келісімшарттық ақша ағындарының негізінде емес, бастапқы тану кезіндегі күтілетін ақша ағындары негізінде есептеледі.

Қаржылық активтер

Бағалау санаттары.

ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылу шеңберіне кіретін қаржы активтері келесі санаттарға жіктеледі: пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар, амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар. Борыштық қаржы активтерінің жіктелуі және кейінгі бағалануы тиісті активтер қоржынын басқаруға арналған Компанияның бизнес-үлгісіне және актив бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына байланысты болады.

Компанияның қаржылық активтеріне сақтандыру брокерлерінің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі жатады, оны Компания бастапқы танығаннан кейін амортизацияланған құны бойынша бағалайды.

Бизнес-үлгі.

Бизнес-модель Компанияның ақша ағындарын алу мақсатында активтерді басқару үшін пайдаланатын тәсілін көрсетеді: Компанияның мақсаты тек активтерден шартта көзделген ақша ағындарын алу («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстау») ма, әлде шартта көзделген ақша ағындарын да, активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын да алу («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстау») ма, немесе қаржылық активтер бизнес-модельдердің «басқа» санаттарына жата ма және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағалана ма. Бизнес-модель активтер тобы үшін (портфель деңгейінде) бағалау жүргізілген күнге бар портфель үшін белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін Компания жүзеге асыруға ниеттенген қызметтің барлық тиісті дәлелдемелері негізінде айқындалады.

Қолда бар қаржылық активтер амортизацияланған құны бойынша бағаланады, өйткені олар бизнес-модельге сәйкес шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу үшін ұсталады, ал шарттық ақша ағындары тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу түрінде болады.

Қаржылық активтерді қайта сыныптау.

Қаржылық құралдар осы портфельді тұтастай басқарудың бизнес-моделі өзгерген жағдайда ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейінгі бірінші есепті кезеңнің басынан бастап перспективалы түрде жүзеге асырылады. Компания ағымдағы немесе салыстырмалы кезең ішінде өзінің бизнес-моделін өзгерткен жоқ және қайта жіктеулерді жүргізген жоқ.

Қаржылық активтердің құнсыздануы: күтілетін несиелік залалдарға арналған бағалау резерві.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар күтілетін несиелік залалдарға арналған бағалау резервінің шегерілуімен қаржылық жағдай туралы есепте қамтылып көрсетіледі.



Болжамдар негізінде Компания амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдармен байланысты күтілетін несиелік залалдарды бағалайды. Компания күтілетін несиелік залалдарды бағалайды да, әрбір есепті күндегі күтілетін несиелік залалдарға арналған резервті таниды. Күтілетін несиелік залалдарды бағалау есеп беру күнінде шамадан тыс шығындарсыз немесе күш жұмсамай қолжетімді болатын күн ілгері кесіп-пішілмеген және ықтималдылықтың ескерілуімен өлшенген, ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау арқылы анықталған соманы, уақтыша құнын және өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар мен болашақ экономикалық жағдайлар туралы барлық негізді және расталатын ақпаратты қамтып көрсетеді.

Дебиторлық берешекке қатысты Компания несиілек күтілетін залалдарды есептеген кезде оңайлатылған тәсілді қолданады. Демек, Компания несиелік тәуекелдің өзгеруін қадағаламайды және оның орнына әрбір есепті күнге болжамды резервті бүкіл мерзім ішінде күтілетін несиелік залалға тең сомала залал ретінде таниды. Компания дебиторларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген несиелік залалдардың бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Компания барлық қаржылық құралдар бойынша құнсызданудан болатын пайданы немесе залалды пайда немесе залал туралы есептің құрамында таниды және шығындарды жабуға арналған резервтер шоты арқылы олардың теңгерімдік құнына тиісті түзетулер енгізеді.

Кредиттік құнсыздануды анықтау үшін Компания мыналарды ескереді:

- өз бетінше әзірленген немесе сыртқы көздерден алынған, борышкердің міндеттемелер бойынша, соның ішінде Компания алдындағы міндеттемелер бойынша толық көлемде төлем жасау ықтималдығы төмен екенін көрсететін ақпаратты;
- борышкер өзінің кредиторлар, соның ішінде Компания алдындағы міндеттемелері бойынша дефолт жариялауын; немесе
- борышкердің банкротқа ұшырау немесе басқа қаржылық қайта ұйымдастырудың орын алу ықтималдығын.

Қаржылық активтерді есептен шығару.

Қаржылық активтер Компания оларды өндіріп алу бойынша барлық практикалық мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып, мұндай активтерді өтеуге қатысты күтімдердің негізсіздігі туралы қорытындыға келгенде, толығымен немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару тануды тоқтату болып табылады.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату.

Компания қаржылық активтерді тануды осы активтер өтелген, немесе бұл активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың қолданылу мерзімі өткен, немесе Компания қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды табыстаған немесе табыстау туралы келісімге келген, және бұл ретте осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды бергенде немесе осы активтерге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды табыстамай да, сақтамай да, бірақ бұл активтерді бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатады. Бақылау контрагенттің сатуға шектеулер қоймай, активті толығымен байланысты емес үшінші тарапқа сатуға практикалық мүмкіндігі болмаған жағдайда сакталады.

Қаржылық міндеттемелер

Бағалау санаттары.

ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылу саласына кіретін қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі: бұл жіктеме туынды қаржы құралдарына, саудаға арналған қаржылық міндеттемелерге (мысалы, бағалы қағаздар бойынша қысқа позицияларға), бизнесті біріктірген кезде сатып алушы танитын шартты өтемақыға және бастапқы тану кезінде осындай деп белгіленген басқа қаржылық міндеттемелерге; және қаржылық кепілдік шарттары мен несиелерді беру бойынша міндеттемелерге қолданылады.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша, (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында) оларға тікелей қатысты мәміле бойынша шығындарды шегеріп тастағандағы құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек жатады.

Кредиторлық берешегі алғашқы танылғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Табыстар мен шығыстар несиелік берешекті тану тоқтатылған немесе ол құнсызданған деп танылған кезде, сондай-ақ амортизация үдерісі барысында кезеңнің пайда немесе залал құрамында танылады.



Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату.

Қаржылық міндеттемелерді тану олар өтелген (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда, не болмаса оны орындау мерзімі өткенде), жойылғанда немесе олар бойынша талап қою мерзімі өткенде тоқтатылады.

Компания мен оның бастапқы кредиторлары арасындағы шарттары айтарлықтай ерекшеленетін борыштық құралдармен алмасу, сондай-ақ қолданыстағы қаржылық міндеттемелер шарттарының елеулі түрлендірілуі (модификациясы) бастапқы қаржылық міндеттеменің өтелуі және жаңа қаржылық міндеттеменің танылуы ретінде есепке алынады. Тануы тоқтатылатын қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген немесе төленуге тиісті сыйақы арасындағы айырма пайда немесе залалда танылады.

Ақшалай қаражат және оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақшалай қаражат пен оның баламалары банк шоттарындағы талап етілмелі сақталатын ақшалай қаражатты және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын, құнның өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшырайтын басқа қысқа мерзімді, өтімділігі жоғары инвестицияларды қамтиды.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқы танылу кезінде өзіндік құнымен көрсетіледі. Бұл құнға Негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған барлық нақты қажетті шығындар, соның ішінде импорттау баж бен өтелмейтін салықтар, сондай-ақ, активті жұмыс күйіне келтіру және ықтимал пайдалану орнына жеткізуге жұмсалатын кез келген тікелей шығындар кіреді.

Негізгі құралдар актив ретінде бастапқы танылғаннан кейін жинақталған тозу және жинақталған құнсызданудан болатын шығындар шегерілген бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Тозу мен амортизацияны есептеу келесі белгіленген жылдық нормаларды пайдалана отырып, біркелкі есептен шығару әдісі негізінде жүзеге асырылады:

Негізгі құралдар тобының атауы	Жылдық норма
Компьютерлік жабдықтар	25-33%
Жалға алынған мүлікті жақсарту	7-20%
Автокөлік	10%

Негізгі құралдарды есептен шығару актив істен шыққан кезде немесе болашақта осы активті пайдаланудан немесе істен шығарудан экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда орын алады. Активтің істен шығуы нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал (істен шығудан түскен таза түсімдер мен активтің теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде есептелген) актив істен шыққан есепті кезеңдегі пайда мен залалға енгізіледі. Жою құны, пайдалы қызмет мерзімі және амортизация әдістері әрбір есепті жылдың соңында Компаниямен талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жалгерлік

Келісімшарт жасалған кезде Компания келісімнің жалдау болып табылатындығын немесе оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды. Басқаша айтқанда, Компания Шарттың өтемақы орнына белгілі бір уақыт аралығында сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін анықтайды.

Компания жалға алушы ретінде

Компания қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тану мен бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Қысқа мерзімді жалдау шарттары мен құны төмен активтерді жалдау шарттарына қатысты Компания жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде желілік негізде операциялық шығыстар ретінде таниды, бұған шығыстарды бөлудің басқа әдісі жалға алынған активтерден келетін экономикалық пайданың уақыт бойынша бөлінуіне дәлірек сәйкес келетін жағдайлар жатпайды. Компания жалдау төлемдерін жүзеге асыру бойынша жалдау міндеттемелерін және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы түріндегі активтерді таниды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Компания жалдаудың басталу күніне пайдалану құқығы түріндегі активтерді таниды. Пайдалану құқығы түріндегі активтер жинақталған амортизация мен жинақталған құнсызданудан болатын шығындар шегерілген және жалдау міндеттемелерін қайта бағалауға түзетілген бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы түріндегі активтердің бастапқы құны танылған жалдау міндеттемелерінің шамасын, жұмсалған бастапқы тікелей шығындарды және жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегеріп



тастағандағы жалдау басталған күнге дейін немесе сол күні жасалған жалдау төлемдерін қамтиды. Пайдалану құқығы түріндегі активтер келесі кезеңдердің ең қысқасы ішінде желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің болжамды пайдалы қызмет мерзімі.

Егер жалдау мерзімі аяқталғанда жалға алынған активке меншік құқығы Компанияға өтсе немесе активтің бастапқы құны оны сатып алу опционының орындалуын көрсетсе, актив оның болжамды пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер де құнсыздану тұрғысынан тексеруге жатады.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Компания жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құнымен бағаланатын жалдау міндеттемелерін таниды. Жалдау төлемдері алынуға тиісті кез келген жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегеріп тастағандағы тіркелген төлемдерді (соның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдерді), индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді өзгермелі жалдау төлемдерін және жою құнының кепілдіктері бойынша төленеді деп күтілетін сомаларды қамтиды. Жалдау төлемдері сонымен қатар, егер Компанияның осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасын және егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтату опционын орындау мүмкіндігін көрсетсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлемдерін қамтиды. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес өзгермелі жалдау төлемдері мұндай төлемдерді жүзеге асыруға әкеп соғатын оқиға немесе шарт орын алған кезеңде шығыстар ретінде (корларды өндіру үшін жұмсалған жағдайларды қоспағанда) танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін, егер жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компания жалдаудың басталу күніне қолжетімді қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау міндеттемелерінің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғаяды және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды. Компания сонымен қатар модификациялау, жалдау мерзімінің өзгеруі, жалдау төлемдерінің өзгеруі (мысалы, осындай төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты болашақ төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алу опционы бағасының өзгеруі жағдайында жалдау міндеттемелерінің теңгерімдік құнын қайта бағалайды.

Салық салу

Пайда салығы бойынша шығыстар төленуге тиісті ағымдағы салық пен кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді.

Ағымдағы салық

Төленуге тиісті ағымдағы салық сомасы жыл ішіндегі салық салынатын пайда шамасы негізінде анықталады. Салық салынатын пайда басқа есепті кезеңдерде салық салуға немесе салық салу мақсаттары үшін шегерімге жататын табыс немесе шығыс баптарына байланысты пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте көрсетілген пайданан ерекшеленеді, сондай-ақ салық салуға немесе салық салу мақсаттары үшін шегерімге жатпайтын баптарды қамтымайды. Компанияның ағымдағы салық бойынша міндеттемелері есепті кезең аяқталғанға дейін заңнамамен қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын тиісті салықтық есепке алу деректері арасындағы уақытша айырмашылыққа қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері осы уақытша айырмашылықтарды пайдалану үшін болашақта салық салынатын пайданың пайда болу ықтималдығы жоғары болған жағдайда, барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және егер осы активтерді толық немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті болашақ салық салынатын пайданың пайда болу ықтималдығы бұдан былай жоғары болмаса, азайтылады.

Пайда салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген және тиісінше салық активін іске асыру немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданыста болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасын пайдалана отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау активтер мен



міндеттемелердің теңгерімдік құнын өтеу немесе өтеу тәсілдеріне қатысты есепті күндегі жағдай бойынша Компания күтулерінің салықтық зардаптарын көрсетеді.

Резервтер

Алдын ала кезең шығыстарының резервтері Компанияның өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған міндеттемелері (занды немесе болжамды) болған кезде және Компания осы міндеттемелерді өтеуге тиіс болуының жоғары ықтималдығы болса, сондай-ақ мұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәрежеде дәл бағалануы мүмкін болған жағдайда есепте көрсетіледі.

Резерв ретінде танылған сома осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып, есепті күнге айқындалған міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең жақсы бағасын білдіреді. Егер алдын ала кезең шығыстары резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағындары негізінде есептелсе, онда резерв осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт өте келе ақша құнының өзгеру әсері маңызды болса).

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдерді үшінші тарап ішінара немесе толық өтейді деп күтілсе, өтемнің алынатынына толық сенімділік болған жағдайда және осы дебиторлық берешекті сенімді бағалау мүмкіндігі болған кезде тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер мен активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, бірақ оларды өтеу нәтижесінде қаражаттың жылыстау ықтималдығы төмен жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты актив қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайданың келу ықтималдығы болған кезде қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі.

Меншікті капитал

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Пайданы бөлу олар жарияланған кезеңдегі капиталдың азаюы ретінде танылады. Есепті күннен кейін жарияланған пайданы бөлу есепті күннен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады.

Зейнетақымен қамсыздандыру бойынша міндеттемелер, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен әлеуметтік салық

Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салық төлейді. Компания Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына заңмен белгіленген міндетті әлеуметтік аударымдарды және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды төлейді. Әлеуметтік салықтың, әлеуметтік аударымдардың және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың жиынтық шамасы қызметкерлердің жалақысының 12.5 % құрайды.

Компания өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% мөлшеріндегі зейнетақы жарналарын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) ұстап қалады. Заңнамаға сәйкес, зейнетақы жарналары қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады және Компанияның қызметкерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға төлем жасау бойынша ағымдағы немесе болашақ міндеттемелері болмайды.

Компания сондай-ақ 1974 жылғы 31 желтоқсаннан кейін туған қызметкерлерінің жалақысының 1.5% мөлшерінде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлейді.

Шетел валютасындағы операциялар

Компанияның қаржылық есептілігі Компания қызмет ететін негізгі экономикалық ортаның валютасында ұсынылған. Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компанияның функционалдық валютасында көрсетілмеген ақшалай активтер мен міндеттемелер (шетел валюталары) есепті күндегі тиісті ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Функционалдық валютадан өзгеше валюталардағы операциялар мәміле жасалған күні басым болған айырбастау бағамдары бойынша есепке алынады. Осы мәмілелер нәтижесіндегі пайда мен залал шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда немесе залал құрамына енгізіледі.

Төменде Компания қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған есепті күндегі айырбастау бағамдары келтірілген:

- 2025 жылғы 31 желтоқсанға:

АҚШ долларымен көрсетілгендер – 1 доллар үшін 505.53 теңге бағамы бойынша;

еуромен көрсетілгендер – 1 еуро үшін 593.44 теңге бағамы бойынша;

ағылшын фунт стерлингімен көрсетілгендер – 1 фунт үшін 679.33 теңге бағамы бойынша;



поляк злотысымен көрсетілгендер – 1 злоты үшін 140.52 теңге бағамы бойынша;

- *2024 жылдың 31 желтоқсанында:*

АҚШ долларымен көрсетілгендер – 1 доллар үшін 525.11 теңге бағамы бойынша;

еуромен көрсетілгендер – 1 еуро үшін 546.74 теңге бағамы бойынша;

ағылшын фунт стерлингімен көрсетілгендер – 1 фунт үшін 658.91 теңге бағамы бойынша;

поляк злотысымен көрсетілгендер – 1 злоты үшін 127.92 теңге бағамы бойынша;

Кірістер мен шығыстарды тану

Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық кіріс

Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық кірістер комиссия түріндегі делдалдық қызметтер үшін сыйақыны білдіреді. Комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі түрленеді және бірқатар факторларға, соның ішінде ұсынылатын сақтандыру немесе қайта сақтандыру өтемінің түріне, таңдалған сақтандырушыға немесе қайта сақтандырушыға байланысты болады. Брокерлік келісімдердің көпшілігі үшін сақтандыру полисін орналастыруға әкелетін көрсетілетін қызметтер орындалуға тиіс бірыңғай міндеттеме ретінде қарастырылады.

«Байланысты келісімдермен» байланысты сыйақы жекелеген орындалуға тиіс міндеттемелер арасында олардың салыстырмалы әділ құны негізінде бөлінеді. Полисті орналастырудан түсетін кіріс, әдетте, полис күшіне енген күні, яғни Компания көрсететін қызметтерді бақылау клиентке өткен және клиент қызметтерді қабылдаған кезде танылады.

Әкімшілік және жалпы шығыстар

Шығыстар есептеу әдісімен, ақша немесе ақша баламаларының қашан төленгеніне қарамастан, тиісті қызметтер нақты алынған сәтте танылады және қаржылық есептілікте өздері жататын кезеңде көрсетіледі.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған, қаржылық есептілікті бекіту күніне Компанияның жағдайы туралы қосымша ақпарат беретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар маңызды болса, қаржылық есептілікке ескертпелерде ашып көрсетіледі.

Жаңа есеп стандарттары

2024 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезеңдер үшін күшіне енген есеп стандарттары мен оларға енгізілген түзетулер Компанияның қаржылық нәтижелеріне және қаржылық есептіліктегі активтер мен міндеттемелердің жіктелуіне әсер еткен жоқ.

Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген жаңа және қайта қаралған стандарттарды мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Осы түзетулер мен жаңа стандарттардың, ХҚЕС (IFRS) 18-ді қоспағанда, Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсері болмайды деп күтілуде:

2024 жылғы сәуірде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартының орнына келетін жаңа ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептіліктегі ақпаратты ұсыну және ашып көрсету» стандартын шығарды. ХҚЕС (IFRS) 18 жаңа талаптарды белгілейді, олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- Пайда мен залал туралы есепте кірістер мен шығыстар баптарын қызмет түріне (операциялық, инвестициялық, қаржылық) сәйкес келетін санаттар бойынша жіктеу туралы. Ұйымдар сонымен қатар келесі аралық қорытындыларды ұсынуға міндетті:
 - операциялық пайда немесе залал;
 - қаржылық қызметке және табыс салығына дейінгі пайда немесе залал.
- басшылық айқындаған тиімділік көрсеткіштері туралы ақпаратты қаржылық есептілікте ашып көрсету туралы, соның ішінде оларды пайда немесе залал туралы есептегі неғұрлым салыстырмалы жиынтықтармен және аралық жиынтықтармен салыстыру;
- қаржылық есептіліктің негізгі нысандарында және ескертпелерде жиынтықталған және бөлшектелген ақпаратты ұсыну туралы.

Сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 18 ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке қатысты жекелеген өзгерістерді және кейбір басқа да өзгерістерді көздейді.



4. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2025 жылға	2024 жылға
Еңбекақы төлеу және әлеуметтік аударымдар мен жарналар бойынша шығыстар	658,755	483,671
Марш тобы ішінде брокерлік комиссияларды бөлу	145,632	290,713
Кәсіби қызметтер	57,546	27,642
Іссапар шығындары	55,637	14,360
Аналық компаниядан басқару қызметтері үшін комиссиялар	47,927	37,915
Пайдалану құқығы нысанындағы активті амортизациялау	22,471	23,650
Мүлікті және жауапкершілікті сақтандыру	16,289	18,233
Коммуналдық қызметтер	16,277	15,205
Көлік қызметтері	18,929	17,838
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы мен амортизациясы	10,525	11,644
Кеңсені ұстау бойынша шығыстар	9,743	9,620
Байланыс шығыстары	4,448	2,827
Пайда салығынан басқа салықтар	3,560	3,285
Банк комиссиялары	707	782
Өзге	8,737	11,028
Жиыны	1,077,183	968,413

5. КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Компания ағымдағы кезеңдегі салық бойынша есептеулерді Компания өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілетін салықтық есепке алу деректері негізінде жасайды, бұл Есеп стандарттарынан өзгеше болуы мүмкін. Шығыстардың кейбір түрлері салық салу мақсаттары үшін ескерілмейтіндіктен, сондай-ақ салық салынбайтын табыстың болуына байланысты Компанияда белгілі бір тұрақты салықтық айырмашылықтар туындайды.

Табыс салығы бойынша шығыстар келесі кестеде келтірілген:

	2025 жылға	2024 жылға
Ағымдағы пайда салығы бойынша шығыстар	220,932	152,128
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу	(3,628)	(7,604)
Жиынтық корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	217,304	144,524

Табыс салығы бойынша шығыстарды бухгалтерлік есеп бойынша салық салынғанға дейінгі пайдамен салыстыру келесідей берілген:

	2025 жылға	2024 жылға
Салық салуға дейінгі пайда	1,080,217	703,764
Ресми түрде белгіленген табыс салығы мөлшерлемесі	1,080,217	703,764
Табыс салығы бойынша шартты шығыс	20%	20%
Тұрақты айырмалардың салықтық әсері	216,043	140,753
Жиынтық корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	1,261	3,771

Уақытша айырмашылықтар келесі баптардан туындайды:

	2025 жылғы 1 қаңтарға	Пайда мен залалда көрсетілген	2025 жылғы 31 желтоқсанға
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер			
Есептелген шығыстар	19,773	6,487	26,260



«МАРШ (САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

Пайдалану құқығы нысанындағы актив және жалдау міндеттемесі	1,491	1,036	2,527
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	918	(380)	538
Жиынтық салық активтері	22,182	7,143	29,325
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер			
Негізгі құралдар және бейматериалдық активтер	(1,298)	(1,534)	(2,832)
Болашақ кезеңдегі шығындар	(367)	(1,981)	(2,348)
Жиынтық салық міндеттемелері	(1,665)	(3,515)	(5,180)
Жиынтық танылған салық активтері	20,517	3,628	24,145

	2024 жылғы 1 қаңтарға	Пайда мен залалдарда қамтылып көрсетілген	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер			
Есептелген шығыстар	14,514	5,259	19,773
Пайдалану құқығы нысанындағы актив және жалдау міндеттемесі	970	521	1,491
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	269	649	918
Жиынтық салық активтері	15,753	6,429	22,182
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер			
Негізгі құралдар және бейматериалдық активтер	(1,804)	506	(1,298)
Болашақ кезеңдегі шығындар	(1,036)	669	(367)
Жиынтық салық міндеттемелері	(2,840)	1,175	(1,665)
Жиынтық танылған салық активтері	12,913	7,604	20,517

6. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА (ЗАЛАЛ)

	2025 жылға	2024 жылға
Бағамдық айырма, нетто	(19,382)	11,216
Шетел валютасын сатып алу және сату	(8,071)	(3,072)
Жиыны	(27,453)	8,144

7. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Банктегі ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша	827,254	250,471
Банктегі ағымдағы шоттардағы теңгедегі ақша	293,990	170,696
Теңгедегі депозиттік шоттардағы ақша (мерзімі – 1 ай, мөлшерлемесі – жылдық 6.38%)	128,000	128,000
Жиыны	1,249,244	549,167

8. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Байланысты тараптардың комиссиялық сыйақы бойынша берешегі (15-ескерту)	228,195	229,458
Үшінші тараптардың комиссиялық сыйақы бойынша берешегі	183,801	304,062
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде	(2,692)	(4,588)
Жиыны	409,304	528,932



«МАРШ (САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв қозғалысы туралы ақпарат келесідей берілген:

2024 жылғы 1 қаңтарға	1,347
Резервті есептеу	3,241
2024 жылғы 31 желтоқсанға	4,588
Резервті есептеу	(1,896)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	2,692

9. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Кеңсе және компьютерлік жабдықтар	Автокөлік	Жалға алынған мүлікті жақсарту	Жиыны
Бастапқы құны				
2024 жылғы 1 қаңтарға	55,531	15,500	46,751	117,782
Сатып алу	1,699	-	-	1,699
2024 жылғы 31 желтоқсанға	57,230	15,500	46,751	119,481
Сатып алу	18,867	63,990	-	82,857
Істен шығуы	(8,215)	(15,500)	-	(23,715)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	67,882	63,990	46,751	178,623
Жинақталған тозу				
2024 жылғы 1 қаңтарға	37,529	12,404	15,932	65,865
Кезең ішіндегі тозу	7,045	-	4,335	11,380
2024 жылғы 31 желтоқсанға	44,574	12,404	20,267	77,245
Кезең ішіндегі тозу	5,597	-	4,663	10,260
Шығып қалуға байланысты тозу	(8,214)	(12,404)	-	(20,618)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	41,957	-	24,930	66,887
Тенгерімдік құны				
2024 жылғы 31 желтоқсанға	12,656	3,096	26,484	42,236
2025 жылғы 31 желтоқсанға	25,925	63,990	21,821	111,736

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған негізгі құралдардың құны тиісінше 25,858 мың теңгені және 29,431 мың теңгені құрады.

10. ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ НЫСАНЫНДАҒЫ АКТИВ ЖӘНЕ ЖАЛДАУ МІНДЕТТЕМЕСІ

Актив кеңсе жайын жалдауға қатысты пайдалану құқығын білдіреді. Бастапқыда пайдалану құқығы нысанындағы актив жалдау міндеттемелерінің сомасында танылды. Жалдау міндеттемелері бастапқы тану сәтінде 13.4% дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланды және 5 жыл мерзімге есептелді. 2024 жылы Компания жалдау шартын бұзды, осыған байланысты пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау міндеттемелерін тану тоқтатылды. Сондай-ақ 2024 жылы жана жалдау шарты жасалды. Жалдау міндеттемелері бастапқы тану сәтінде 19% дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланды және 5 жыл мерзімге есептелді.

Актив пен міндеттеменің өзгеруі:

	Пайдалану құқығы нысанындағы актив	Жалдау бойынша міндеттеме
2024 жылғы 1 қаңтарға	15,547	20,397
Есептен шығару	(14,251)	(20,396)
Өсім	111,772	111,772
Кезең ішіндегі тозу (4-ескерту)	(23,650)	



«МАРШ (САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

Есептелген сыйақы		17,988
Негізгі борышты ақшалай қаражатпен өтеу		(14,901)
Сыйақыны ақшалай қаражатпен өтеу		(17,988)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	89,418	96,872
Оның ішінде:		
<i>Ағымдағы бөлігі</i>		20,532
<i>Ұзақ мерзімді бөлігі</i>		76,340
2025 жылғы 1 қаңтарға	89,418	96,872
Кезең ішіндегі тозу (4-ескерту)	(22,471)	
Есептелген сыйақы		14,721
Негізгі борышты ақшалай қаражатпен өтеу		(17,289)
Сыйақыны ақшалай қаражатпен өтеу		(14,721)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	66,947	79,583
Оның ішінде:		
<i>Ағымдағы бөлігі</i>		24,419
<i>Ұзақ мерзімді бөлігі</i>		55,164

11. КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Байланысты тараптардың кредиторлық берешегі (15-ескерту)	141,482	75,298
Үшінші тараптардың кредиторлық берешегі	28,743	547
Жиыны	170,225	75,845

12. БАСҚА МІНДЕМЕТТЕЛЕР

	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Қызметкерлердің сыйлықақылары мен бонустары бойынша резерв	82,256	50,948
Қызметкерлердің еңбек демалыстары бойынша резерв	39,066	23,160
Аудит және басқа да кәсіби қызметтер бойынша есептелген шығыстар	9,980	24,759
Алынған алғытөлемдер	3,750	1,957
Салықтар бойынша міндеттемелер	3,161	-
Еңбекақы төлеу бойынша берешек	-	446
Жиыны	138,213	101,270

13. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және төленген жарғылық капиталы 320,100 мың теңгені құрайды.

Дивидендтер

2025 жылы Компания 357,000 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады (2024 жылы - 171,000 мың теңге). 2025 жылы Компания 303,450 мың теңге мөлшерінде (табыс салығын шегергенде) ақшалай қаражатпен дивидендтер төледі (2024 жылы - 371,741 мың теңге).

14. ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Операциялық орта

Компанияның негізгі экономикалық қызметі Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдайға әсер ететін заңнама мен нормативтік құжаттама жиі өзгеріске ұшырайды, осыған орай, Компанияның активтері мен мәмілелері саяси және экономикалық жағдайдың нашарлауы салдарынан тәуекелге душар болуы мүмкін.



Болашақ экономикалық өсуге, капитал көздеріне қол жеткізу мүмкіндігіне, сондай-ақ компанияның қаржылық жағдайына, операция нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына әсер етуі мүмкін капитал құнына қатысты белгісіздік әлі де бар.

Компания басшылығы бұл жағдайда компанияның экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолданады деп санайды.

Сыртқы саяси жағдай

Украинаның шығысындағы қарулы қақтығысқа және бірқатар елдердің Ресей Федерациясына қатысты енгізген санкцияларына байланысты сыртқы саяси жағдайдың ушығуы аясында теңгенің әлемдік валюталарға шаққандағы бағамының құбылмалылығы байқалады, бұл болашақта Компания қызметіне жанама әсер етуі мүмкін.

Компания басшылығы ағымдағы жағдайдың дамуын қадағалап отыр және таяу болашақта Компания бизнесінің тұрақтылығын сақтау мен дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдауда. Компания басшылығы одан әрі экономикалық оқиғалардың компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсерін атап өтпейді және болашақта айтарлықтай әсер күтпейді.

Салық салу

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болып табылады және көптеген салықтармен, сондай-ақ заңнамадағы, ресми түсіндірмелер мен сот шешімдеріндегі жиі болатын өзгерістермен сипатталады. Салықтар айтарлықтай айыппұлдар салуға, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алуға құқығы бар бірқатар реттеуші органдар тарапынан тексерілуге жатады. Салық кезеңі салық органдары тарапынан үш күнтізбелік жыл бойы ашық болып қалады, алайда белгілі бір жағдайларда салық кезеңі көрсетілген мерзімнен ұзағырақ ашық болуы мүмкін. Қазақстанның әртүрлі заңнамалық актілері мен нормалары әрдайым анық емес және оларды салық төлеушілер мен салық органдары түрліше түсіндіруі мүмкін. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір қайшылықтары болатын жағдайлар бар.

Заң мәселелері

Өз қызметін нарықта жүзеге асыру барысында Компания заңнамалық талап-арыздардың әртүрлі түрлерімен кездесуі мүмкін. Компания басшылығы олар бойынша іс жүргізу нәтижесінде Компания айтарлықтай шығынға ұшырамайды деп санайды.

15. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

2025 ж. және 2024 ж. байланысты тараптарға Компанияның негізгі басқарушы персоналы, Аналық компания және ортақ бақылаудағы компаниялар кіреді.

Басқарушы персоналға сыйақы төлеу бойынша шығындар:

	2025 жылға	2024 жылға
Еңбекақы және демалыс резерві	102,091	100,653

Пайда немесе залал және басқа да жиынтық табыс туралы есепте байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген:

	Комиссиялық сыйақылар бойынша кірістер	Жалпы және әкімшілік шығыстар
2025 жылға		
Бас компания	-	47,927
Ортақ бақылаудағы компаниялар	124,576	203,415
Жиыны	124,576	251,342
2024 жылға		
Бас компания	-	37,915
Ортақ бақылаудағы компаниялар	246,191	290,713
Жиыны	246,191	328,628

Компанияның байланысты тараптармен операциялары бойынша қалдықтары төменде келтірілген:



	Дебиторлық берешек	Кредиторлық берешек
2025 жылғы 31 желтоқсанға		
Ортақ бақылаудағы компаниялар		
Жалпы теңгерімдік құны	228,195	141,482
Күтілетін несиелік залалдар	(1,545)	-
Теңгерімдік құны	226,650	141,482
2024 жылғы 31 желтоқсанға		
Ортақ бақылаудағы компаниялар		
Жалпы теңгерімдік құны	229,458	75,298
Күтілетін несиелік залалдар	(1,990)	-
Теңгерімдік құны	227,468	75,298

Жарияланған және төленген дивидендтер туралы ақпарат 13-ескертуде берілген.

16. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құн бағалау күніндегі нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны ескере отырып айқындалады. Басшылық қаржылық активтер мен міндеттемелердің (дебиторлық берешек, ақша қаражаты, кредиторлық берешек) әділ құны осы активтер мен міндеттемелердің қысқа мерзімділігіне байланысты олардың теңгерімдік құнына шамамен сәйкес келеді деп санайды.

17. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

Компанияның капитал құрылымы қатысушының капиталынан тұрады, оған төленген жарғылық капитал мен бөлінбеген пайда кіреді, бұл капиталдағы өзгерістер туралы есепте ашып көрсетіледі.

Компания басшылығы капитал құрылымын жарты жылда бір рет қарастырады. Осы қарастыру барысында Басшылық, атап айтқанда, капитал құнын және капиталдың әрбір класына байланысты тәуекелдерді талдайды. Басшылықтың ұсынымдары негізінде Компания дивидендтер төлеу, жарғылық капиталды ұлғайту, қосымша қарыз қаражатын тарту немесе қолданыстағы кредиттерді өтеу арқылы капитал құрылымын түзетеді.

Компанияның жарғылық және меншікті капиталының ең төменгі мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 270 «Сақтандыру брокерінің жарғылық және меншікті капиталдарының ең төмен мөлшеріне қойылатын талаптарды, Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокері филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін белгілеу туралы және Сақтандыру брокерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен регламенттелген. 2025 ж. және 2024 ж. меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері 80,000 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Сонымен қатар, осы қаулыға сәйкес, Компания Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттар мен депозиттердегі ақша сомасының (сақтандыру брокерінің банк шотындағы ақшаны шегергенде) оның меншікті капиталы мөлшерінің кемінде 40 (қырық) пайызын құрайтын мөлшерде болуын қамтамасыз етуге міндетті. 2025 ж. және 2024 ж. Компания аталған нормативтерді орындады.

18. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекел деңгейін үнемі бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың өзгеруін көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралып отырады.

Компания басшылығы тәуекелдерді азайту шараларының орындалуы мен мониторингі үшін жауапты болады. Компанияның негізгі қаржы құралдарының құрамына ақша қаражаты және олардың баламалары, дебиторлық берешек, кредиторлық берешек және жалдау міндеттемелері кіреді.

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел — бұл жүйелік іркіліс, персоналдың кателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмыс істемей қалған кезде, операциялық тәуекелдер



беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдарларға әкеп соғуы немесе қаржылық шығындарға ие болуы мүмкін. Компания барлық операциялық тәуекелдер жойылды деп болжай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен оларға тиісінше әрекет ету арқылы бұл тәуекелдерді басқара алады. Компания мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, қолжетімділік құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ бағалау рәсімдерін көздейді.

Саяси тәуекел

Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты Топтың жергілікті мемлекеттік және корпоративтік басшылығына сәйкес әрекет ететін, төтенше жағдайларды басқару бойынша тағайындалған жұмыс тобы өңірлік және топтық деңгейде бағалауды жалғастыруда.

Қазіргі уақытта басқарушылық шешімдер қабылдау үшін корпоративтік тәуекелдердің барлық санаттарын бағалау және басқару бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Клиенттерге жедел ұсынымдар беру үшін Компанияда ағымдағы және болашақ қақтығыстардағы барлық анықталған тәуекел салаларын (мысалы, санкциялар шарттарының өзгеруі, кибершабуылдар тәуекелінің артуы, нарықтық ортаның өзгеруі сияқты) мониторингілеу және оларға әрекет ету үшін қажетті бақылау құралдары бар.

Несиелік тәуекел

Кредиттік тәуекел — бұл қаржы құралы бойынша бір тараптың міндеттемені орындай алмау және екінші тарапқа қаржылық шығын келтіру тәуекелі. Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғары мөлшері банк шоттарында орналастырылған ақша қаражаты мен олардың баламаларының және дебиторлық берешектің теңгерімдік құнына сәйкес келеді.

Компанияның саясаты берешекті өтеу мерзімдері шеңберінде де, дебитордың рейтингін қадағалау арқылы да дебиторлық берешекті үздіксіз бақылауды көздейді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптар — дебиторлардың (15-ескерту) кредиттік рейтингі «А- Тұрақты» (Fitch Ratings) деңгейінде. Басқа дебиторлардың рейтингі жоқ.

Төмендегі кестелерде дебиторлық берешектің кредиттік сапасы көрсетілген.

	2025 жылғы 31 желтоқсанға			
	Жалпы теңгерімдік құны	Күтілетін несиелік залалдар	Теңгерімдік құны	Күтілетін кредиттік шығындардың %-ы
Дебиторлық берешек, соның ішінде:	411,996	(2,692)	409,304	
Ағымдағы	221,812	(506)	221,306	0.23%
Мерзімі өткен:				
1 күннен - 30 күнге дейін	40,720	(150)	40,570	0.37%
31 күннен - 60 күнге дейін	32,787	(171)	32,616	0.52%
61 күннен - 90 күнге дейін	59,313	(608)	58,705	1.03%
90 күннен - 120 күнге дейін	24,903	(270)	24,633	1.08%
120 күннен 360 күнге дейін	32,461	(987)	31,474	3.04%

	2024 жылғы 31 желтоқсанға			
	Жалпы теңгерімдік құны	Күтілетін несиелік залалдар	Теңгерімдік құны	Күтілетін кредиттік шығындардың %-ы
Дебиторлық берешек, соның ішінде:	533,520	(4,588)	528,932	
Ағымдағы	34,619	-	34,619	
Мерзімі өткен:				
1 күннен - 30 күнге дейін	296,289	(341)	295,948	0.12%
31 күннен - 60 күнге дейін	89,891	(150)	89,741	0.17%
61 күннен - 90 күнге дейін	60,183	(140)	60,043	0.23%
90 күннен - 120 күнге дейін	6,143	(29)	6,114	0.47%



«МАРШ (САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(МЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

120 күннен 360 күнге дейін	46,395	(3,928)	42,467	8.47%
----------------------------	--------	---------	--------	-------

Ақша қаражатына қатысты кредиттік тәуекел қаражат орналастырылған банктің дефолт болу мүмкіндігіне байланысты. Компания басшылығы бұл тәуекелді Қазақстан Республикасының жақсы беделге ие екінші деңгейлі банктеріне ақшалай қаражатты орналастыру және осы банктердің несиелік кредиттік рейтингін қадағалау арқылы басқарады.

Төменде Компанияға қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының банктері бойынша халықаралық агенттіктердің рейтингтік бағалары келтірілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға	Рейтингтер	
			2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	1,249,244	549,167	A+ Тұрақты Fitch Ratings	A+ Тұрақты Fitch Ratings
Жиыны	1,249,244	549,167		

Географиялық шоғырлануы

Компания заңнама нормаларындағы өзгерістерге байланысты тәуекелді бақылауды жүзеге асырады және оның Компания қызметіне әсерін бағалайды. Бұл тәсіл Компанияға Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалдың өзгеруінен болатын ықтимал шығындарды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Қазақстаннан тыс жерлердегі дебиторлық берешегінің шоғырлануы тиісінше 58% және 43%-ды құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Қазақстаннан тыс жерлердегі кредиторлық берешегінің шоғырлануы тиісінше 83% және 99%-ды құрады. Компанияның барлық басқа қаржылық активтері мен міндеттемелері Қазақстанда орналасқан.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі — бұл Компанияның қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерін өтеу үшін қаражатты тартуда қиындықтарға тап болу қауіп-кәтері. Өтімділік тәуекелі қаржылық активті оның әділ құнына жақын бағамен дереу сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде туындауы мүмкін. Компания өтімді қаражатқа деген қажеттілікті үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген туындайтын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Міндеттемелерді өтеудің дисконтталмаған келісімшарттық мерзімдері төмендегі кестеде берілген:

	Жиыны	1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 48 айға дейін
2025 жылғы 31 желтоқсанға					
Жалдау бойынша берешек	98,669	2,740	13,704	16,445	65,780
Кредиторлық берешек	170,225	170,225	-	-	-
Міндеттемелердің жиыны	268,894	172,965	13,704	16,445	65,780
2024 жылғы 31 желтоқсанға					
Жалдау бойынша берешек	131,558	2,740	13,704	16,445	98,669
Кредиторлық берешек	75,845	75,845	-	-	-
Міндеттемелердің жиыны	207,403	78,585	13,704	16,445	98,669

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел — бұл қаржылық құрал бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты ауытқу тәуекелі.

Нарықтық тәуекел тәуекелдің үш түрін қамтиды: пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және басқа да баға тәуекелдері. Компания нарықтық конъюнктураның жағымсыз өзгерістері салдарынан туындауы мүмкін әлеуетті залалдарды мерзімді түрде бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел — бұл қаржылық құрал бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының шетел валютасы бағамдарының өзгеруіне байланысты ауытқу тәуекелі.



«МАРШ (САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

Компания валюта бағамдарының ауытқуын және басқа да макроэкономикалық индикаторларды тұрақты мониторингілеу арқылы ашық валюталық позицияны басқару жолымен валюталық тәуекелді басқаруды жүзеге асырады.

Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелері келесі валюталарда көрсетілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсанға					
	Барлығы	KZT	USD	EUR	GBP	PLN
Ақшалай қаражат және оның баламалары	1,249,244	421,990	704,361	114,595	8,298	-
Дебиторлық берешек	409,304	177,106	182,045	47,096	3,057	-
Қаржылық активтер жиыны	1,658,548	599,096	886,406	161,691	11,355	-
Кредиторлық берешек	(170,225)	(6,767)	(119,660)	(24,594)	(14,507)	(4,697)
Жалдау бойынша берешек	(79,583)	(79,583)	-	-	-	-
Жиынтық қаржылық міндеттемелер	(249,808)	(86,350)	(119,660)	(24,594)	(14,507)	(4,697)
Таза баланстық позиция	1,408,740	512,746	766,746	137,097	(3,152)	(4,697)

	2024 жылғы 31 желтоқсанға					
	Барлығы	KZT	USD	EUR	GBP	PLN
Ақшалай қаражат және оның баламалары	549,167	298,696	207,620	36,199	6,652	-
Дебиторлық берешек	528,932	290,080	214,859	23,005	988	-
Қаржылық активтер жиыны	1,078,099	588,776	422,479	59,204	7,640	-
Кредиторлық берешек	(75,845)	(3,987)	(49,262)	(6,272)	(10,771)	(5,553)
Жалдау бойынша берешек	(96,872)	(96,872)	-	-	-	-
Жалпы қаржылық міндеттемелер	(172,717)	(100,859)	(49,262)	(6,272)	(10,771)	(5,553)
Таза баланстық позиция	905,382	487,917	373,217	52,932	(3,131)	(5,553)

Төмендегі кестеде Компанияның теңгеге шаққандағы шетел валютасы бағамдарының көтерілуі мен төмендеуіне сезімталдығын талдау көрсетілген. Аталған сезімталдық деңгейі Компания ішінде Компанияның негізгі басқарушы персоналы үшін валюталық тәуекел туралы есептерді жасау кезінде пайдаланылады және Компания басшылығының валюта бағамдарының ықтимал өзгеруін бағалауын білдіреді.

	2025 жылғы 31 желтоқсанға		2024 жылғы 31 желтоқсанға	
	Валюта бағамының өзгеруі	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Валюта бағамының өзгеруі	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері
USD	20%	153,349	20%	74,643
	(20%)	(153,349)	(20%)	(74,643)
EUR	20%	27,419	20%	10,586
	(20%)	(27,419)	(20%)	(10,586)
GBP	20%	(630)	20%	(626)
	(20%)	630	(20%)	626
PLN	20%	(939)	20%	(1,111)
	(20%)	939	(20%)	1,111

Бағалық тәуекел

Компания үлестік бағалы қағаздарға салынған инвестициялар бойынша баға тәуекеліне ұшырамайды, өйткені бұл құралдармен сауда операцияларын жүзеге асырмайды.

Пайыздық тәуекел

Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды, өйткені Компанияның қаржы құралдарының белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар.



19. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы қаңтарда пруденциалдық нормативтерді сақтау мақсатында Компанияның жарғылық капиталы 60,540 мың теңге сомасына ұлғайтылды.

